

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың  
Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі қызметіндегі сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

**с.Торғай**

**2021 жылғы 6 мамыр**

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:**  
Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі қызметіндегі «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» басшы 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 44 бұйрығы *(бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі)*.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2020 жылдың 1 қаңтарынан 2021 жылдың 1 сәуір дейінгі аралықта жүргізілді.

**1. «Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау нормативтік құқықтық актілерде қозғайтын бағыты бойынша:**

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі» өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 «Мәдениет туралы» Заңын, «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының кейбір коммуналдық мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы» 2013 жылғы 12 қазандағы № 438 қаулысымен бекітілген Ережені, мекеменің ішкі нормативтік құжаттарын (жұмыс жоспары), сондай-ақ өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

Әкімдіктің 2013 жылғы 12 қазандағы № 438 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес *(Ереженің көшірмесі қоса беріледі)*, музей қызметінің мәні мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларын жария етуді қамтамасыз ету, мұражайлық экспонаттарды және мұражайлық топтамаларды сақтау, оқып білу және көпшілікке ұсыну болып табылады.

Музей қызметінің мақсаты көрме-шығарма, жинаушылық, ғылыми-ағартушылық болып табылады.

Музей қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызметтің түрлерін жүзеге асырады:

1) мұражайлық заттарды анықтауға және жинауға, оларды оқып білуге, мұражайлық құралдарды насихаттауға және жария етуге бағытталған экспедиция, археологиялық дала зерттеулерін ұйымдастырады;

2) арнайы жабдықталған жайларда мұражай топтамаларын толықтырады, қорларды жинақтайды, есеп жүргізеді, заңнамада белгіленген тәртіпте оларды сақтау бойынша шараны қатаң сақтайды;

3) мұражайлық және кітапханалық қорларда және мұрағаттарда бар өлке тарихымен байланысты материалдарды зерделейді;

4) мұражайдың ғылыми мұрағатын қалыптастырады және ғылыми кітапхананы әдебиеттермен, ғылыми-әдістемелік басылымдарды жинақтайды;

5) экспозицияларды және көрмелерді алады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызмет көрсетеді.

Ескерту: ҚР Қаржы министрінің 15.05.2014 жылғы № 223 бұйрығына сәйкес Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық музейі» КММ ақылы қызмет көрсетпейді.

Музейдің өндірістік-шығармашылық қызметі Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысы бекіткен жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Жоспардың құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады: ғылыми-зерттеу, қорды толықтыру, экспозициялық-көрме жұмысы, әдістемелік, мәдени-білім беру жұмысы, баспа қызметі, біліктілікті арттыру. Жыл бойы мәдениет басқармасына электронды нұсқада ұсынылатын ай сайынғы жоспарларда нақтыланады. 2019, 2020 жылдарға бекітілген жұмыс жоспарлары ұсынылды.

Коронавирустық инфекцияға қарсы пандемияға байланысты, бірқатар шектеу шараларын енгізілгені белгілі. Осыған орай, музей келушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдана отырып, жұмысын жалғастыруда. Айталық, ақпараттық стенд, арнайы жадынамалар мен қозғалыс сызбасы, электронды киоск жұмыс істейді.

Музейдің мәдени-бұқаралық қызметі сайтта орналастырылған материалдарда жарияланады: <http://muzei-torgai.rka.kz/>, әлеуметтік желілерде: <https://www.facebook.com/torgaymuzey>, <https://www.instagram.com/torgaymuzey/>

Келушілер саны: / 2020 жылы-22892, интернет желісіндегі көрермендер -19554, Іс-шаралар / 2020 жылы-2187, онлайн- 1962 / дәрістер -102/, онлайн-76, көрмелер 110, онлайн-85 //; экскурсиялар 1871, онлайн- 1722.

**2020-2021 жылдары музей қызметкерлері көптеген іс-шараларға қатысуда :**

Музей басшысы Г.Сәрсекей «Егемен Қазақстан» республикалық газеті, облыстық «Қостанай таңы» газетіне сұхбат берді

- Тур Хейердела атындағы ежелгі технологиялар және коммуникацияларының үшінші Халықаралық фестиваліне «Рухани

жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жихаз көркі –жібек жүн» тақырыбында жергілікті шебермен шеберлік сабағы өткізілді. Лисаковск 2020г онлайн.

- Ы.Алтынсаринның 180 жылдығы «Даланың дара жұлдызы» облыстық конференция . Әуликөл.2021 ж .онлайн.
- Ы.Алтынсаринның 180 жылдығы «Педагогикалық мұралары : Кеше.Бүгін.Ертең» республикалық конференция. Нұрсұлтан. 2021ж наурыз. Онлайн
- Ы.Алтынсаринның 180 жылдығы областық фестиваль. Қарағанды 17 наурыз 2021ж
- Өнер музейі мен Қазақстан музейлерін ақпараттық-әдістемелік қолдауға арналған «Kaz.muzeu»kz қорының ұйымдастыруымен өткен Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің тәжірибелері: қор сақтау, музейге қолжетімділік, музей туризмі тақырыбындағы біліктілік арттыру курсына қатысып сертификатқа ие болды. Алматы .2020 жыл.
- **Мәдени-рухани байланыс нығайту мақсатында ынтымақтастық келісімшарт (меморандум) жасалды:** Ақмола облысы, Атбасар қаласы , І.Есенберлинның әдеби музейі, Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы» КММ –сі, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «А.Иманов мемориалдық мұражайы» КММ –сі, М.Габдуллин музейі Кокшетау қаласы

**2020 жылдары музей іс-шаралары онлайн - форматта өткізілді: онлайн-экскурсия , дәрістер:**

- Ы.Алтынсаринның 180 жылдығы онлайн экскурсия мемориалды педагогикалық музейге экскурсия жүргізілді
- Жазушы Серікбай Оспановтың 75- мерейлі жасына 75-летию өмір жолы мен еңбек жолы, творчествосы, шығармалары жайлы тікелей эфир арқылы насихатталды.
- Аудан орталығындағы тарихи киелі орындар: «Татыр шайқасы», «Партизан сайы», По историческим местам района : история памятников района. Татыр шайқасы, «Баймырза әулие Мергенұлы»кесенесі, « Бейсен би Байжанұлы, емші Т.Аспантайұлы кесенесі, Айса бөгеті, Дәуітбай сайы т.б
- Тарихи ескерткіштер тарихы: «Боздақтар монументы», Ы.Алтынсарин, «Алыптар » композициясы, халық ақыны Н.Ахметбеков музейіне олайн экскурсия.
- Жыл басынан елден шыққан танымал тұлғаларға арналған «Туған өлке тұлғалары» циклы
- Жеңістің 75 жылдығына «Торғайлықтар соғыс майданында» циклы
- Арқалық далалық өлкетану музейіне Алаш арысы М.Дулатұлының 135 жылдығына «Тарих.Тағдыр.Тұлға»жылжымалы көрме

- Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына «Абай оқулары» , «Не? Қайда ? Қашан ?» интеллектуалдық ойыны жастар арасында
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Рахмет саған туған ел» жобасы аясында елден шыққан танымал, табысты тұлғалармен кездесу
- «Рахмет саған туған ел» жобасы аясында «Айтыстың ақтаңгері» Айбек Қалиевтың экспозициясы ұйымдастырылды.

**Музей залында қорда бар жеке заттардан мерейтой даталарына арналған көрмелер:**

- Ақын, Жазушы С.Оспанов -75 жаста.
- Міржақып Дулатұлының 135 жылдығы «Тарих. Тұлға. Тағдыр»
- А.Құнанбаевтың 175-жылдығына «Абай дана, Абай –дара қазақта»
- 

### **Ғылыми-зерттеу жұмысы**

Ғылыми-зерттеу жұмысы музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Музей қызметкерлері «Ыбырай Алтынсарин» белгісімен марапатталған, «Үздік мұғалім» және «Халыққа білім беру Үздігі» атақтары бар мұғалімдердің есімдерін анықтап, олар туралы материалдар жинап, суреттеп, мұражай қорына тапсырады. Сондай-ақ, мұражай қызметкерлері белгілі бір тақырыпты әзірлейді және оның жұмысының нәтижесі жаңа экспозиция мен көрме немесе ғылыми конференцияда баяндама жасау, сонымен қатар жаңа экскурсиялар, мұражай сабақтары, дәрістер, мұражай іс-шаралары мен мерекелерінің сценарийлері болып табылады

### **Ғылыми-Қор жұмысы**

Цифрландыру әр түрлі салаларға еніп, қоғамның маңызды қажеттілігіне айналады. Цифрлық жүйеге көшу-жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің негізі. Музей жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу әркімге музей заттарының тарихымен және мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияларды пайдалану музей экспонаттарын ілгерілету сапасын жақсартады, сондай-ақ тарихи білім мен ақпарат алмасу аясын кеңейтеді. Осы уақыттың талаптарына сәйкес Қордағы экспонаттар цифрландырылды (сканерлеу және суретке түсіру), 2021 жылға қарай 4233 экспонат цифрландырылды.

Экспонаттарды цифрлау электрондық түрде берілген материалдарды бірнеше рет көрсетуге және оларды түпнұсқа ретінде сақтауға мүмкіндік береді.

Сандық артефактілерді жариялауға және таратуға, сондай-ақ Museologist бағдарламасында пайдалануға болады. Сонымен қатар, музей қызметкерлері ғылыми ұйым базасында «Музеолог» компьютерлік бағдарламасында жұмыс істейді, нәтижесінде электрондық деректер базасында 1500 экспонат тіркелген. Музей заттарын каталогтау және сәйкестендіру, тіркеу - тиімді жүйе. «Музеолог» электронды реестрінің бағдарламасын игеріп, болашақта Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің толық құрамын көруге мүмкіндік туады.

## Электрондық базаға 4233 сақтау бірлігі енгізілген

| Жыл         | Экспонат тар | Музей заттарын сақтаудың цифрланған бірліктерінің саны |              |           |         |
|-------------|--------------|--------------------------------------------------------|--------------|-----------|---------|
|             | Негізгі қор  | 1 жылда                                                | Жыл ішінде % | Барлығы % | Барлығы |
| <b>2020</b> | 2271         | 301                                                    |              |           | 4110    |
| <b>2021</b> | 2304         | 395                                                    |              |           | 4233    |

Музей аудандық «Біздің Торғай» редакциясымен тығыз байланыста, газетке тұрақты мақалалар беріліп тұрады.

Музей қызметін қозғайтын нормативтік құжаттарды, дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен жоқ.

### **2. Музейдің ұйымдастыру-басқарушылық бағыты бойынша: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Музейдің ұйымдастыру-басқарушылық қызметіндегі зерттеу кезеңінде қызметтің келесі бағыттары талданды.

#### **1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы**

##### **Штат саны**

Штаттық кесте Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысымен 2020 жылғы 1 қаңтар 21 бірлік санында бекітілді (әкімшілік-басқару персоналы – ( 2 бірлік, оның ішінде: басшы-1 бірлік, бас есепші – 1 бірлік. ; ғылыми-ағартуды қамтамасыз ету бөлімі – 2 бірлік, оның ішінде: ғылыми қызметкер – 1 бірлік, әдістемеші – 1 бірлік; қор сақтау және есеп бөлімі -2 бірлік, оның ішінде; сектор меңгерушісі-1, қор сақтаушы-1 бірлік, ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлімі – 5 бірлік, оның ішінде: программист-1 бірлік, музей қараушысы -4 бірлік, қызмет көрсетуші персонал- 10 бірлік оның ішінде техникалық қызметкер-2 бірлік, отжағушы -3 бірлік, күзетші - бірлік , еден жуушы-1 бірлік(штат кестесінің көшірмесі қоса беріледі).

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша музей қызметкерлерінің нақты саны 21 адамды құрайды.

Бос лауазымдар - (0).

2020 жылғы 01 қаңтардан 031 желтоқсанға дейінгі кезеңде: жұмыстан шығарылғандар - 0 , қабылданғандар – 1, ауыстырулар – 1 (28 август Ернур) . (талданып отырған кезеңдегі жеке құрам бойынша бұйрықтардың көшірмелері қоса беріледі).

**Бос лауазымдарға орналасуға конкурстар.** Талдау кезеңінде бос лауазымдарға орналасуға конкурстық рәсімдер өткізілген жоқ.

#### **Тәртіптік жаза қолдану.**

2020 жылы-0 , 2021 жылы - 0

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде жоғары не кәсіптік білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік

құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына кейбірі сәйкес келмейтіні анықталды.

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық - анықтамалық есептеріне сәйкес қызметкерлердің жеке істерінде соттылықтың жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

Құжаттама жасау қағидасын бұзуда, мұражайдың бұйрықтары бланкіде қазақ тілінде ғана ресімделген, ал орыс тілінде бұйрықтар мұражай бланкісіне басылмаған.

## **2. Мүдделер қақтығысын реттеу**

Жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты басшының, басшы орынбасарының және бас бухгалтердің бос лауазымдарына орналасу кезінде бұзушылықтар фактілері анықталған жоқ (басшының, басшы орынбасарының және бас бухгалтердің жақын туыстары мен жекжаттары туралы ақпарат).

Жеке және заңды тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша өтініштер анықталған жоқ.

Ішкі талдау жүргізу барысында осы салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету**

Ережеге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету музей құзыретіне кірмейді.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар жасалды  
2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта барлығы 31 шарт жасалды. Оның ішінде баға ұсыныстары бойынша -5, бір көзден алу-26.

## **4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Ережеге сәйкес мұражай құзыретіне деструктивті функцияларды жүзеге асыру кірмейді.

## **5. Бақылау функцияларын іске асыру**

Ережеге сәйкес музейдің құзыретіне бақылау функцияларын іске асыру кірмейді.

## **6. Бюджет қаражатын игеру және бөлу**

Жыл ішінде қаржыландыру сомасы 38726,3 мың теңге соның ішінде

Еңбек ақы төлеу – 23757,2 мың теңге

Әлеуметтік салық және міндетті сақтандырулар – 1821,0 мың теңге,  
Медициналық сақтандырулар – 371,0 мың теңге, коммуналдық шығыстар – 950,0 мың теңге

Байланыс қызметіне ақы төлеу -320,0 мың теңге

ел ішіндегі іссапарлар

-363,0 мың теңге

Негізгі құралдарды сатып алу - 223,3 мың теңге

Материалдық емес активтерді сатып алу 18,0 мың теңге

Өзге де ағымдағы шығындар 168,0 мың теңге

Көмір сатып алу 2351,9 мың теңге, Бейнебақылау камераларын орнату 546,0 мың теңге, Ш.Жәнібек мұражайының төбесін ағымдағы жөндеу 1999,9 мың теңге, Ә.Жангелдин мұражайының жылу жүйесін жөндеу 1750,0 мың теңгені құрайды. Жыл сайын бюджеттің орындалуы 99% орындалады.

### **Салықарды және басқа төлемдерді жинау**

Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтар мен төлемдерді төлеуші болып табылады.

### **Сыбайлас жемқорлық ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:**

1. Мекеменің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжатқа сәйкес барлық талаптардың қатаң орындалуын қадағалаңыз.
2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында және электрондық цифрлық қолтаңбаның қол қоюшы тұлғаның өз қолымен қойған қолымен тең екенін және бірдей заңдық салдарға әкеп соғатынын ескере отырып, кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Заңы шеңберінде электрондық-цифрлық қолтаңбаны пайдалануға құқылы.
3. Бюджет қаражатын тиімді жұмсау және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына сәйкес бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша өзгерістер негіздемелерімен есеп-қисаптар негізінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын жасау қажет.
4. Бұйрықтарды жасау және төлем жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережені басшылыққа алу қажет.
5. Азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кезінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 189 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын қатаң басшылыққа алу қажет.
6. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын түсіндіру бойынша қызметкерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды одан әрі күшейту, тиімділікті арттыру мақсатында қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысын жандандыру ұсынылды.

8. Қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқыту сабақтарын өткізу.

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет  
басқармасының «Торғайдың Жангелдин  
мұражайлар кешені» КММ-сі басшысы**



**Сәрсекей Г.К**